

Сабақтың тақырыбы

Құрмалас сөйлемді қайталау

● **Сабақтың мақсаты**

- **Білімділігі:** оқушылардың құрмалас сөйлемнен алған білімдерін тереңдету, жүйелеу, бекіту, қорытындылау.
- **Дамытушылығы:** оқушының пәнге қызығушылығын, арттыру, ойлау белсенділіктерін арттыру, ауызша – жазбаша жүйелі сөйлеу тілін дамыту, топта жұмыс жасауға дағдыландыру, өз ойларын еркін, ашық білдіруге үйрету, шығармашылық қабілеттерін шыңдау.
- **Тәрбиелігі:** оқушыларды іс-әрекет, мақсатқа жету әдіс-тәсілдерін таңдай білуге, өзін-өзі бағалай білуге, жүйелі сөйлей, талдай білуге тәрбиелеу

- **Сабақтың көрнекілігі:** слайд, сызбалар, схемалы кесте.
- **Сабақтың түрі:** қайталау сабағы
- **Сабақтың әдісі:** топпен жұмыс,
- сұрақ-жауап, баяндау, салыстыру,
- талдау, топтастыру, кестемен жұмыс
- Интерактивті тақтаны пайдаланып, қажетті материалдарды, сызба-кестелерді көрсетіп, ой жинақтау

● I. Ұйымдастыру кезеңі

● а) оқушылармен

сәлемдесу

● ә) оқушыларды түгендеу

- Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру және топтық жұмысқа белсендіру



«Дауға салса алмастай қызан, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде не бар екен?! Тәуелсіздік – Алтын күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт белгі рәміздеріміз бар. Оның біріншісі – Елтаңба, екіншісі- Әнұран, үшіншісі – Көк байрақ, төртіншісі – Қазақ тілі.»

Н.Ә.Назарбаев.

Дыбыстық жаттығулар



Дыбыстық жаттығулар арқылы оқушыларды сабаққа дайындау

Бұл жаттығулар адамдардың өмірге құлшынысын арттырып, көтеріңкі көңіл-күй мен шабыт шақыруға арналған.

А – А .

А

- «А» дыбысы кеудені тербеліске түсуге мәжбүрлеп, ағзадағы барлық дыбыстау мүшелерін қозғалысқа түсіреді, жұмысқа бейімделуге ықпал етеді.

Н - Н - Н

- «Н» дыбысы миды тербеліске келтіріп, оң жақ миды жұмысқа бейімдеп, ішкі түйсік пен шығармашылық қабілетті дамытады.

В - В - В

- «В» дыбысы нерв жүйесін қалыпқа келтіреді.


Е – Е – Е

- «Е» дыбысы адамды
энергоақпараттық келеңсіз
жайттардан қорғайды.



T - T - T

- «Т» дыбысы ауыртпалықтардан арылтып, жүрек-қан жүйесін қалып келтіреді.

- 
- Оқушыларға қима қағаздар беріледі. Қима қағаздардағы сөздерді сәйкестендіріп құрастырғанда,
 - 3 сөйлем шығады. Сол сөйлемдердің құрылуына қарай оқушылар 3 топқа бөлініп отырылады. Бұл сөйлемдер құрмалас сөйлемнің 3 түрі, әр топ сөйлемдерге ауызша синтаксистік талдау жасайды.

I топ «Салалас»
II топ «Сабақтас»
III топ «Аралас»

Үй тапсырмасын сұрау

Сынақ тапсырмасы

Эссе

“Әр қилы тағдырлар”

**“Өнердегі өнегелі
өмірлер”**


III. Үй тапсырмасын бекіту

I топ **Салалас сөйлемнің
тыныс белгісі қандай?**

II топ **Сабактас сөйлемнің
тыныс белгісі қандай?**

III топ **Аралас сөйлемнің
тыныс белгісі қандай?**



An illustration of a brown owl with large eyes, sitting on a stack of three books (purple, blue, and green).

Үй тапсырмасын бекіту

“Ғылымды зерделеңіз...”

тапсырмалары



1 топқа Қазақ тілінде құрмалас сөйлемдер жүйесіне қатысты зерттеушілер ретінде кімдерді атай аламыз?

2 топқа Құрмалас сөйлемді зерттеуді алғаш рет практикалық мақсатта емес, ғылыми тұрғыдан қарастырған ғалымдар кімдер?

3 топқа Қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлемді топтастыру мәселесіне алғаш көңіл аударған кім?




Әр топқа постер таратылып жеке
тапсырмалар беріледі

**I топқа Салалас сөйлемді кестеге
толтыр**

**II топқа Сабақтас сөйлемді
салалас сөйлеммен салыстыр**

**III топқа Аралас сөйлемді
топтастыр.**



- 
- Мәтіндер беріледі.
 - Әр топ мәтінді оқып, мәнін түсіндіреді, өз тобына лайық сөйлемдерді құрастырып алады және 1 сөйлемді талдайды.

I топқа

Дәстүрлі қазақ қоғамында Көкпарға жасқа толған серкенің семізі таңдалған. Семіз серкенің терісі жыртылмайды. Орташа салмағы 70-80 кг-дай келеді.

Көкпар жігіттердің күш-жігеріне, төзімділігіне, батылдығы мен ептілігіне сын. Сонымен қатар

Көкпар аттың қалай бапталып үйретілгенін, жүйріктігін де сынайтын спорттық ойын. Көкпар жаппай және дода тартыс болып екіге бөлінеді.

Жаппай тартыста әркім Көкпарды өзі иелік етуге тырысады. Дода тартыста құрамы бірдей екі топ сынға түседі.



II топқа

Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыс күні жыл басы саналған. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген.

Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады; әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады.



Штопқа

Құнанбай болса, Абайдан өзіне ізбасар дайындамақ. Сол оймен баласын әр іске бір салып, өз қарамағындағы ру басыларға жұмсап, сынап та көрді. Тумысынан зерек, қабілетті, өнерлі жігіт оттай жанып, шоқтай маздап, әке сынынан сүрінбей өтеді. Барған ауылдарында Абай туралы ұнамды ұғым, жақсы атақ, кейде тіпті әжептәуір аңыз қалып отырады. Абайдың ел ішіндегі есті жас Ерболмен достығы да осындай, азаматтың ат үстінде жүрген шақтарында тапқан рухани олжасы. Абайдың өз басы, ой-санасы, ұғым-нанымы, жалпы ішкі дүниесі де, әрине, бір орында тұрып қалған жоқ.



Шығармашылық тапсырма

I топқа «Көктем-өмір бастауы»


II топқа «Аналар-асыл жандар»

III топқа «Ұстаз-ұлы тұлға»

тақырыптарында эссе жазу

Білімді бекіту кезеңі

Графикалық диктант



Сөйлемдер

- 1.Өңгімені Басынын бастау үшін,Саржанмен кездескен күні есіме толық түсіріп көрейін.
- 2.Малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек.
- 3.Жүсіп сөйлемекші еді,оны жұрттың ду көтеріле шапалақтаған қолы бөліп,бірсыпыра уақытқа дейін сөйлетпеді.
- 4.Амантай Серғазыларға ақылдасып еді,Жамантайдың науқасының түрі жаман болғандықтан,олар ырық бере қоймады.
- 5.Абай Дәндібай сөзінен жақсы бейілді аңғарса да, ол кезде көмектерін алмаған-ды.
- 6.Өмірдегі көп күннің бәрі бірдей емес:кейбір күн өлгеніңше есінде қалады.
- 7.Туғанда, дүние есігін ашады өлең,өлеңмен жер қойнына кіреді денең..
- 8.Біраз жүргеннен кейін ,әкесінің қолынан бір шие жерге түсіп кетеді.
- 9.Қастарында көлденең кісілер болғандықтан, Оспан Абайға айтам деген оқшау сөзін бастаған жоқ.

Үйге тапсырма:

- **Оқулықтағы пысықтау сұрақтарын орындау**
- **Бағалау.**

